

# CD 24

# Ceresit

## БЕТОНҒА АРНАЛҒАН ФИНИШТІК ТЕГІСТЕГІШ

### Бетонды мәрелік тегістеуге және жөндеуге арналған цемент тегістегіш (қабат қалыңдығы 5 мм дейін)

#### ҚАСИЕТТЕРІ

- тез қатаяды;
- отыруы төмен;
- жарылуға төзімді;
- су жұқтырмайтын;
- суға төзімді;
- аязға төзімді;
- мұздар қатуға қарсы реагенттердің әсеріне төзімді;
- механикаландырылған жағу үшін жарамды;
- ішкі және сыртқы жұмыстарға жарамды;
- экологиялық тұрғыдан қауіпсіз.

#### ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

CD 24 фиништік тегістегіші азаматтық және өнеркәсіптік құрылыста сыртқы және ішкі жұмыстар жүргізген кезде темірбетон және бетон конструкциялардың беттерін мәрелік тегістеуге және жергілікті ақауларды жөндеуге арналған.

CD 24 иік және көлденең беттерде, оның ішінде лак-бояу жабындарын салу алдында бетонның бетіндегі жарықтар мен тесіктерді бітеу үшін қолданыла алады.

Бір өткенде CD 24 қоспасын қалыңдығы 5 мм дейін қабатпен салуға болады.

CD 24 қоспасы жеңіл және кеуекті бетонды, кірпіш қалауларды, әк және гипс сылақтарды жөндеуге арналмаған.

#### НЕГІЗДІ ДАЙЫНДАУ


Негіз жеткілікті берік және жабысқақтығы төмендететін заттардан (шаңнан, тұз дақтарынан, майлардан, жағар майларды, битумды және т.б.) тазартылған болуға тиіс. Негіздің осал, опырылатын учаскелерін және қабыршақтанған жерлерді жою қажет.

#### БЕТОН

Бетонның қысылуға беріктігі  $\geq 15$  МПа және үзілуге беріктігі  $\geq 1,0$  МПа болуға тиіс.

Бетон бетінің жемірілу нәтижесінде бұзылатын немесе осал учаскелерін, цемент сүтін, қалыпты шешкеннен кейін қалған жабысқақтыққа қарсы майлағышты толығымен жою қажет. Бетон бетінің құрылымы кедір-бұдыр, ашық-кеуек болуға тиіс. Бұл үшін бетонды құрғақ құм-ағынды өңдеуден, ажарлаудан немесе фрезерлеуден өткізу керек.

Тегістегішті тікелей бетонға жағатын жағдайда бетонның бетін алдын ала ылғалдандыру қажет, айғыздар мен су жинақталуына жол бермеу қажет. Сосын ылғалданған бетонға жабысқақ қабатты салу керек. CD 24 тегістегішін жағар алдында



одан да сұйық консистенциядағы CD 24 қоспасынан дайындалған жабысқақ қабатты салу қажет.

#### АРМАТУРА

Болат арматура жемірілу іздері болмаған учаскелерге дейін бетоннан тазартылған болуға тиіс. Содан кейін арматураны тоттан тазартып (мысалы, құрғақ құм-ағынды өңдеу арқылы) қалдық майдың мөлшері минималды қысылған ауамен үрлеп тазарту қажет. Тазартудан кейін арматураның өзіндік металл жарқылы болуы тиіс.

Зақымдалған бетонды қалпына келтіру үшін CD 22 жөндеу қоспасын пайдалану керек. CD 24 тегістегішін жағар алдында қатқан CD 22 жөндеу материалының бетін ылғалдандыру қажет.

CD 24 тегістегішін әлі ылғалды жабысқақ қабатқа оны салғаннан кейін кем дегенде 30-60 минуттан кейін жағады. Тегістегішті көп уақыт өткеннен кейін жаққан жағдайда жабысқақ қабатты қайта жағу керек (бірінші қабат осы уақытта толығымен кебуге тиіс).

#### ЖҰМЫСТАРДЫ ОРЫНДАУ

Ерітінді қоспасын дайындау үшін дәл өлшенген таза су көлемін алады (+15-тен +20°C дейін). Құрғақ қоспаны араластырып отырып, түйірлерсіз біртекті қоспа шығаруын көздеп, суға аздап қосады. Араластыруды миксердің немесе айналу жылдамдығы 400-800 айн/мин кезінде тұтқыр қоспаларға арналған саптамасы бар бұрғының көмегімен жүргізеді. Сосын ерітінді қоспасы пісу үшін 5 минут технологиялық үзілісті ұстайды және тағы бір рет араластырады. Ерітінді қоспасы дайындалған сәтінен бастап 50 минут ішінде жұмсалуға тиіс.

Ерітінді қоспасын негізге металл қалақшаның немесе жартылай үккіштің көмегімен салады. Тегістегішті 10-45 минут ішінде бірден жаққаннан кейін тегістеуге болады. Тегістеу үшін металл немесе пластик жартылай үккішті пайдаланады.

Henkel

Качество для Профессионалов

Тегістегіштің келесі қабатын алдағы қабатты салғаннан кейін кем дегенде 3 сағат өткенде салуға болады. Кері жағдайда кем дегенде 24 сағат күту қажет, бетті қайтадан ылғалданырып, байланыс қабатты салып және тек содан кейін ғана тегістегішті жағу қажет.

CD 24 ерітінді қоспасын механикаландырылған тәсілмен жағуға болады.

Судың, аяздың, жемір заттардың және ауа-райының әсері нәтижесінде жемірілуден бетонды қосымша қорғау CD 24 тегістегіші қабаты үстінен СТ 44 акрил бояуын немесе CR 166 созымды гидроқшаулағыш массаны CD 24 жаққаннан кейін кем дегенде 3 күннен кейін жағу арқылы қамтамасыз етіледі.

Ерітінді қоспасының жаңа қалдықтарын су көмегімен, кеуіп кеткендерін - тек механикалық түрде кетіруге болады.

## ҰСЫНЫСТАР

Жұмыстарды құрғақ жағдайларда, ауа және негіздің температурасы +5-тен +30°C дейін және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80% аспаған кезде орындау керек.

Техникалық сипаттамада берілген барлық сапа көрсеткіштері және ұсынымдар +20°C қоршаған орта температурасы кезінде және 60% ауаның салыстырмалы ылғалдылығы кезінде дұрыс болады. Басқа жағдайларда ерітінді қоспаның технологиялық параметрлері өзгеруі мүмкін.

Сыртқы жұмыстарды орындаған кезде кем дегенде 24 сағат ішінде тегістегішті тікелей күн сәулелерінің, желдің және жаңбырдың әсерінен қорғау керек. Осы мақсатта құрылыс мінбесатыларды арнайы тормен немесе үлдірмен жабу, ал ғимаратта су ағыстарын орнату ұсынылады.

CD 24 басқа ұстастырғыштармен, толтырғыштармен және үстемелермен араластыруға болмайды.

Құрғақ қоспаның жаңартылған формуласы құрамында цементте бар белсенді заттарды бейтараптандыратын, терінің күюін және тітіркенуін болдырмайтын үстемелер бар. Жұмыс кезінде жеке қорғану құралдарын (көзілдірікті, қолғапты) қолдану қажет. Ерітінді қоспасы көзге түскен жағдайда оны дереу сумен жуып дәрігерге көріну керек.

## ЕСКЕРТУЛЕР

Материалды қолдану тәсілдері туралы жоғары берілген ақпараттан басқа, онымен жұмыс істеген кезде цемент материалдармен жұмыс істеу бойынша жалпы нұсқаулықтарды басшылыққа алу керек.

Келтірілген сипаттамалар практикалық тәжірибеге және пайдалану-техникалық сынақтарға негізделген.

Дайындаушы материалды дұрыс пайдаланбау үшін, сондай-ақ оны мақсаты бойынша немесе осы техникалық сипаттамада қарастырылмаған жағдайларда қолданбау үшін жауапкершілік көтермейді.

Материалды нақты қолдану мүмкіндігіне күмән болған кезде оны жеткілікті мөлшерде өздігінен сынау немесе өндірушіге кеңес алу үшін жүгіну керек.

Жоғары берілген ақпарат, сондай-ақ жазбаша расталмаған ұсынымдар, өндірушінің шартсыз жауапкершілігі үшін негіздеме болып қызмет атқармау мүмкін.

Осы техникалық сипаттама пайда болған сәттен бастап барлық алдағы сипаттамалар жарамсыз болады.

## САҚТАУ МЕРЗІМІ

Құрғақ жағдайларда, түпқоймаларда және түпнұсқалық зақымдалмаған қаптамада - дайындалған күнінен бастап 12 айдан ұзақ емес.

## ҚАПТАМА

CD 24 бітеуіші 25 кг қағаз қаптарда жеткізіледі.

## ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР

CD 24 құрамы:	минералдық толтырғыштары және полимерлік түрлендіргіштері бар цемент қоспасы
Құрғақ қоспаның үйме тығыздығы:	~ 1,45 кг/дм <sup>3</sup>
Толтырғыш түйірлерінің өлшемі:	≤ 0,5 мм
Араластыратын судың мөлшері:	25 кг құрғақ қоспаға ~ 3,5-3,75 л
Тұтыну уақыты:	~ 50 минут
Қолдану температурасы:	+5-тен +30°C дейін
Жауынға төзімділік:	24 сағаттан кейін
Қысуға беріктік шегі (28 тәуліктен кейін):	≥ 30,0 МПа
28 тәуліктен кейін иілу кезінде созылу беріктігі:	≥ 8 МПа
Бетонға жабысқақтығы (жабысқақ қабаты болған кезде):	≥ 1,5 МПа
28 тәуліктен кейін шөгу:	≤ 0,12%
Пайдалану температурасы:	-50-ден +70 °C-қа дейін
CD 24 шығыны:	қабат қалыңдығының 1 мм-не ~ 1,5 кг/м <sup>2</sup> немесе толтырылатын көлемнің ~ 2,0
Аязға төзімділігі:	300 цикл